

РЕЙТИНГ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Ахмет Ясауи университетінің 2019-2023 жылдарға арналған даму стратегиясындағы белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін бірқатар міндеттерді орындау қажеттілігі нақты көрсетілген: Университеттің әлемдік QS рейтингіне енуі, Ұлттық институционалдық рейтингте университеттің деңгейін одан әрі жоғарылату және Білім беру бағдарламалары бойынша рейтингте алғашқы үштікке кірген мамандықтар үлесін арттыру.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-ға Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 15 қаңтар 2020ж. №241 Жарлығымен «Ерекше мәртебе» берілді. Ерекше мәртебеге орай университеттің жетекші концепциясы белгіленді:



Нақтырақ айтқанда, Ахмет Ясауи университеті әлемдік-ұлттық-ішкі рейтингтер бойынша төмендегідей іс-шаралар ұйымдастырады:

А. Ахмет Ясауи университеті даму стратегиясына сәйкес әлемдік рейтингте QS, THE рейтингтерінен көрінуді көздейді.

Б. Ал ұлттық рейтингте көрсеткіштеріміз алғашқы ондықта болуға бағытталады. Ол үшін рейтинг агенттіктерінің ранжирлеу әдістері мен негізгі индикаторларына сараптаулар жүргізеді және нәтижелерімізді қол жеткен деңгейден едәуір арттырады.

В. Ішкі рейтингте Стратегиялық жоспардағы көзделген оқу орнымыздың білім сапасын арттыру, халықаралық бәсекелестікке төзімді мамандар дайындау және ғылыми жұмыстар сапасын арттыру жөнінен университет қызметкерлерінің потенциалын максимальды сарқа пайдалану мақсатында оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің еңбектері академиялық, ғылым, адам ресурстары мен тәрбие жұмыстары бағыттары

бойынша ескеріледі. Оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің ішкі рейтинг көрсеткіштері университеттің ip.ayu.edu.kz базасы арқылы анықталады. Ішкі рейтинг көрсеткіштерінің қорытынды ұпайларын жалпы қорытындылау және рейтинг нәтижесі бойынша келесі оқу жылына ынталандыру шараларына ұсыну - университет президенті бекіткен тұрақты Рейтинг комиссиясы арқылы жүргізіледі.

А. Әлемдік рейтингтегі жалпы жағдайлар

1. QS EЕСА - Quacquarelli Symonds Emerging Europe and Central Asia

«Дамушы Еуропа және Орталық Азия» рейтингінде ең үздік 350 университетті анықтайтын британдық QS Quacquarelli Symonds Limited агенттігінің рейтингінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті 2019 жылы 216-шы, 2020 жылы – 213-ші, ал 2021 арналған рейтингте 175-ші орынға көтерілді.

2. ARES - Жоғары оқу орындарының халықаралық рейтингі – Academic Ranking-European Standard

Academic Ranking of World Universities-European Standard ARES-2020 рейтингісінің нәтижелері бойынша университетіміз Қазақстандағы 95 ЖББҰ арасында 11-орынды иеленіп (А+ санаты), мұның алдындағы жылдары 11-ші орын А санатынан және 41-ші орындардан көрсеткіш күрт жоғарылады. Бұл оқыту мен ғылыми қызметтің жоғары сапасын растайды. Рейтингті Еуропалық ғылыми-өнеркәсіптік палатасы жүргізді.

ARES-ң ЖОО-ның рейтингісін құрудағы мақсаты - университеттердің білім алушыларға қажетті білім беру, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу және болашақ жұмыс берушілермен белсенді қарым-қатынас жасау қабілетін бағалау. Рейтингтің маңызды параметрлері - университеттің халықаралық қызметі және университеттің аймақтың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуындағы рөлі.

Толығырақ ақпаратты http://eurochambres.org/ares/ares-2020-republic-of-kazakhstan.php?clear_cache=Ү сайтынан алуға болады.

3. IREG – «IAAR Eurasian University Ranking (IAAR EUR)»

Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі 2020 жылы алғаш рет ұйымдастырған «IAAR Eurasian University Ranking (IAAR EUR)» халықаралық рейтингі Евразия кеңістігіндегі, сонымен қатар ТМД елдері университеттерін рейтингілеуге арналған. Рейтингілеу Webometrics элементтерін цифрлы технологияны қолдану әдістемесі арқылы жүргізіледі. Университетіміз «IAAR Eurasian University Ranking рейтингінде 27 ЖББҰ арасының 7 орынды иеленді (<https://iaar.agency/rating/9/0/2020>).

4. «Webometrics Ranking of World Universities» Рейтингі

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті әлемдегі жоғары білім беру ұйымдары арасында 2019 жылы 13745-ші орында, ал 2020 жылы 7755-ші орынға көтерілді. Қазақстандағы жоғары білім беру ұйымдары арасында 18-ші орында.

Толығырақ ақпаратты <http://www.webometrics.info/> сайтынан алуға болады.

Б. Ұлттық рейтингтегі көрсеткіштер

1. АРТА - Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі

Қазақстан Республикасының жоғарғы білім беру ұйымдары қатысқан Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің мәліметтері бойынша Ахмет Ясауи университеті көпсалалы университеттер арасында 2019 жылы 11-ші орынды, 2020 жылы 9-шы орынды иеленді.

Ал, білім беру бағдарламалары рейтингісінің нәтижелері бойынша 2019 жылы 4 білім беру бағдарламалары, 2020 жылы 4 білім беру бағдарламалары алғашқы үштіктегі орынды иеленді.

Толық ақпарат «Казахстанская правда» газетінде, нөмірі 94 (29221) 15.05.2020ж. немесе АРТА-ның жаңа сайтындағы сілтеме бойынша <https://iaar.agency/rating/1/0/2020> жарияланған.

2. БСҚА (НКАОКО) – Білім сапасын қамтамасыздандыру агенттігі

«Білім сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз Қазақстандық агенттігі» (БСҚА) ұйымдастырған рейтингте университетіміз 2016 жылдары 9-шы, 2017 жылы 8-ші, 2018 жылы 6-шы орынға жоғарылады. 2019 жылдан бастап Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі жариялаған ұлттық рейтингке қатыса бастады.

3. РРА – Республикалық рейтингтік агенттік

Ахмет Ясауи университеті алғаш ашылған Республикалық рейтингтік агентті рейтингіне 2017 және 2018 жылдары қатысып, Қазақстан Республикасының жоғарғы білім беру ұйымдары қатарынан 7-ші орынды иеленді.

4. Білім беру бағдарламаларының рейтингі

Оқу орнымыз «Білім сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігі» және «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» (НААР) жүргізетін білім беру бағдарламалары бойынша рейтингтерге қатысып, 2019 жылы рейтинг қорытындылары бойынша 4 білім

беру бағдарламалары, 2020 жылы 4 білім беру бағдарламалары алғашқы үздік үштіктер құрамына енді.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН САНДЫҚ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ ЖАҚСARTУ					
<p>Білім берудің барлық деңгейлері бойынша (бакалавр, магистратура, докторантура, резидентура)</p> <p>56 Жаңа білім беру бағдарламалары</p> <p>6 Инновациялық білім беру бағдарламалары жасалды</p>			<p>Жұмыс берушілер (мектептер, мемлекеттік органдар, ауруханалар, КТЗ, Атамекен, тб.) сұранысына сәйкес барлық 172 білім беру бағдарламалары бойынша редизайн жасалды</p>		
Білім деңгейі	2018	2019	2020	Аккредиттелген БББ саны	
				2019-2020	2021ж. Жоспарда
бакалавриат	54	73	80	51	29
магистратура	30	54	62	30	32
докторантура PhD	11	15	15	10	5
резидентура	5	9	15	5	10
Жалпы	100	151	172	96	76

5. SCOPUS базасында жарияланған мақалалар рейтингі

№	Университеттер	Мақала саны	Сілтеме саны	Авторлар саны
1	Al Farabi Kazakh National University	4,127	9,884	3,274
2	Nazarbayev University	3,563	17,653	1,719
3	L.N. Gumilyov Eurasian National University	2,212	7,216	1,948
4	Satbayev University	1,633	5,140	1,553
5	Kazakh National Agrarian University	676	977	972
6	Abay Kazakh National Pedagogical University	618	979	680
7	South Kazakhstan State University (SKSU)	565	629	948
8	Buketov Karaganda State University	538	978	629
9	Khoja Ahmet Yassawi International Kazakh-Turkish University	503	823	558
10	Saken Seifullin Kazakh Agrotechnical University	490	707	613
11	Karaganda State Technical University	470	504	482

12	Kazakh-British Technical University	389	832	247
13	Institute of Nuclear Physics, National Nuclear Center of the Republic of Kazakhstan	377	1,422	184
14	Kazakh National Medical University	360	11,193	482

В. Ішкі рейтинг жұмыстары

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде оқу үдерісіне қатысты барлық құрылымдарда кәсіби рейтингті анықтау іс-шаралары ұйымдастырылады. Ішкі рейтинг шаралары ОПҚ, ғылыми қызметкерлер, ҒЗИ, кафедралар және факультеттердің индикативті жоспарлары негізінде Стратегиялық жоспардағы көрсеткіштерді орындауға бағытталған. Стратегиялық жоспардағы көзделген оқу орнымыздың білім сапасын арттыру, халықаралық бәсекелестікке төзімді мамандар дайындау және ғылыми жұмыстар сапасын арттыру бойынша оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің еңбектері 3 бағыт бойынша ескеріледі:

- Ғылыми бағыт;
- Академиялық бағыт;
- Басқа (тәрбие, мәдени-спорттық) бағыттар.

Бұл бағыттар стратегиялық мақсаттарға қолжеткізуді көздейтін нақты сандық көрсеткіштерге негізделеді. Барлық көрсеткіштер ішкі ақпараттық ip.ayu.edu.kz сайтына ОПҚ мен ғылыми қызметкерлер, кафедра, факультет және ҒЗИ тарапынан енгізіледі. Ақпараттық сайтқа ендірілген көрсеткіштер сала бойынша вице-президенттердің арнайы өкімі негізінде құзыреттілікке ие растаушылар тарапынан расталады. Ақпараттық базаға енгізілген көрсеткіштерді саралау университет президенті бекіткен тұрақты рейтинг комиссиясы арқылы жүргізіледі.

Еңбекті мотивациялау шаралары бірінші кезекте ОПҚ мен ғылыми қызметкерлер, кафедра меңгерушілері, факультет декандары, ғылыми-зерттеу институттары директорларын жоғары нәтиже жасауға тарту арқылы басқару тиімділігін көтеруге бағытталған. Еңбек мотивациясы шараларының жеткілікті деңгейде жүзеге асырылуы университет құрылымдарының қызметіне және Стратегиялық даму жоспарының нәтижелі орындалуына оңтайлы ықпал етеді.

Ішкі рейтинг нәтижелері бойынша ынталандырулар

2019-2020 оқу жылы қорытындысы бойынша “Жыл көшбасшысы” номинациясының иегері ретінде ішкі кәсіби рейтинг көрсеткіші ең жоғары 4069 ұпай құраған математика кафедрасының профессоры Турметов Батирхан Худайбергенұлы 2020ж.1-ші қазаннан бастап әр айлық еңбек жалақысына қосу түрінде 300 мың теңгемен қаржылай ынталандыруға ие болды.

2019-2020 оқу жылы қорытындысы бойынша “Үздік ғылыми жарияланым” номинациясының иегері ретінде Тохаева Жанар Ордабекқызы, Альмухамбетова Ботагоз Жеңісқызы мен Кенешбаев Бектұр Жұмаханұлы (Entrepreneurship and Sustainability Issues, 7 (3), pp. 1565-1579. Процентил 98 Квартилі Q-1 CiteScore 7.0 SJR h-index 18) 200 мың теңгемен бір реттік қаржылай ынталандыруға ие болды.

2019-2020 оқу жылы қорытындысы бойынша «Ең жоғарғы сілтеме алған автор» номинациясының иегері ретінде ішкі кәсіби рейтинг көрсеткіші 1826 ұпай құраған Раманкулов Шерзод Жумадуллаұлы Процентиль - 67 (Social Sciences Education) CiteScore 1.9) 200 мың теңгемен бір реттік қаржылай ынталандыруға ие болды.

Сондай-ақ, 2019-2020 оқу жылы қорытындысы бойынша рейтинг көрсеткіштері жоғары ОПҚ-ға ынталандыру шаралары ұйымдастырылды. 2020ж.1-ші қазаннан бастап әр айлық еңбек жалақысына қосу түрінде 8 ОПҚ 100 мың теңгемен қаржылай ынталандыруға, 9 ОПҚ 60 мың теңгемен қаржылай ынталандыруға, 30 ОПҚ 50 мың теңгемен қаржылай ынталандыруға, 48 ОПҚ 40 мың теңгемен қаржылай ынталандыруға ие болды.

Сонымен қатар, 2019-2020 оқу жылы қорытындысы бойынша жоғары ұйымдастырушылық көрсеткіштерге ие 3 факультет деканы сәйкесінше 400 мың, 350 мың, 300 мың теңге бірмезгілдік марапатталса, ал 3 кафедра меңгерушілері сәйкесінше 300 мың, 250 мың, 200 мың теңге мөлшерінде бірмезгілдік қаржылай марапатталды.